ҰЛАҒАТ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ҰЛАҒАТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

2/2015

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ

# МҰҒАЛІМ МЕРЕЙІ



**Суретте:** Ақтөбе облысы, Шалқар қаласындағы №1 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, бастауыш сыныптар бірлестігінің жетекшісі ҚУАТБАЕВА ГҮЛМИРА ЖАДЫРАСЫНҚЫЗЫ.

Аталған мектепте 35 жыл табан аудармай жұмыс жасап келе жатқан ұстаз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауына сәйкес 12 жылдық білім жүйесі бойынша тәжірибе жүргізіп, шығармашылықпен айналысып, республикалық, халықаралық конференцияларға қатысып, баяндамалары үздік деп табылып, жинақтарға еніп жүрген білікті маман.

# МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ


*Ғылым ғаламында*

**Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ.** Қазақ тіліндегі буынға қатысты ережелер: кереғарлық пен көкейкестілік....3

**Назерке ӘБІЛМАЖИНОВА, Айнұр АМАНГЕЛДІ.** Тіл үйретуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігі....12

**Ғалия ҒАБДУЛЛИНА.** Оқушыларды формативті бағалаудың педагогикалық-психологиялық маңызы....20

**Рысқаным БАХТИЯРОВА.** Білім берудегі ұлттық тәрбие туралы....32

**Құралай НЕГМАНОВА.** Құзырлылықты көтеруде жобалау әрекетінің рөлі....40

*Педагог пайымы*

**Гүлмира ӨМІРАЛИЕВА.** Кәсіптік білім беруде дуальді оқытудың рөлі...47

**Гүлмира ҚУАТБАЕВА.** Бастауыш сыныпта тіл дамыту жұмыстарын жүргізу....53

*Асылды тот баспас*

**Әмір МОЛДАБЕКОВ.** Дара тұлға – Марат Барманқұлов....60

*Танымдық тәлім-тәрбие*

**Жаңыл ЖҰМАТАЙ.** Оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің жолдары....66

*Ұстаз толғанысы*

**Баян БЕКТАСОВА.** Қазіргі заманғы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі....71

*В мире педагогики*

**Бибинур КИСИКОВА.** Формирование компенсаторной компетенции студентов на занятиях английского языка....76

**Айжан ТОКСАМБАЕВА.** Использование педагогических технологий в учебном процессе....84

**Гүлжаһан ДҮЙСЕБАЕВА.** Добротой себя измерь....91

*Зерттеушілер зердесінде*

**Кенжебала ҚАЗЫБАЕВА.** Толқын....96

*Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе*

**Рая БАЙЖАНОВА.** Жаңа көзқарас – жаңа форматта оқыту....101

**Ғалия МЕДЕТХАНҚЫЗЫ.** Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Қалқаман-Мамыр» поэмасы....108

*Ашық сабақ ауылында*

**Сәуле УТАРБАЕВА.** Нәтиже сабақ....114

**Гүлназ СМАЙЛОВА.** Адам қаңқасы және оның бөлімдері....117

**Сәуле РЫСБЕКОВА.** Заманауи мектептегі бағалаудың жаңа формасы....120

**Зинура ЖҮНІСОВА.** Жан бітірімді баптау....122

*Тәрбие сағаты – жан азығы*

**Нұргүл БЕКЕТОВА.** Мамандықтың бәрі жақсы....127

**Рая НИЕТҚАЛИЕВА.** Тәуелсіз елдің шымыр жастарымыз....132

*Атаулы мереке – бәрімізге береке*

**Гүлнар ИЛЬЯСОВА.** Жүзі бөлек, жүрегі бір....139

**Акмарал ТӨЛЕКЕНОВА.** Бірлік барда Отан аман, ел аман....141

Бүгінгідей конференцияларды, яғни, Амандосов, Қожекеев, Барманқұлов оқуларын өзгеше өткізуіміз керек. Барманқұлов – шынында да керемет ғалым, оның кереметтігі – бір жазған кітабын қайта жазбайтындығы. Қазір, мысалы, жүр ғой небір атақты ғалымдар бір кітабын он шығарып. Кіріспесі мен қорытындысын өзгерте салады-дағы. Қазір менің қолымда оның он кітабы бар, соның үшеуіне ол автограф жазып берген. Сонда қарасам, ол кітаптар бір-біріне ұқсамайды.

Енді мен сіздерге таңғажайып нәрсе айтайын. Барманқұлов телевидениені, халықаралық журналистиканы зерттеген. Бірақ тәуелсіздігімізді енді алған тұста ол түркология туралы 4 кітап жазған. Сонда ол бар болғаны бір жылдың ішінде төрт кітап шығарып тұр. Ол кісі баяғыдан соған дайындалып жүрген. Қаншама әдебиет, қаншама кітап қарады, ол бірден шыға қоятын дүние емес. Сондықтан, Барманқұлов – таза ғалым. Оның ғылымы еңбекпен жасалған асыл мұра. Өзіміздің осындай ардақты ағамызға уақыт бөле алмасақ, еске алмасақ онда біз несіне қазақпыз дейміз.

- Сұхбатыңызға рахмет!!!

**Сұхбаттасқан журналист**
**Әмір МОЛДАБЕКОВ,**
**Халықаралық ЮНЕСКО**
**сыйлығының иегері.**

Марат Кәрібайұлы Барманқұлов (1937-2000 ж.ж.) – отандық тележурналистиканың негізін қалаушы ең алғашқы тележурналистердің бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор. Еуразия академиясының халықаралық-экономикалық вице-президенті, Қазақстан Журналистер Одағының хатшысы. 1959 жылы Қазақстан телевидениесіне жаңа ашылулар енгізген, сол жерде репортер әрі комментатор қызметін атқарды. Сонымен қоса, алғашқы авторлық-циклдық бағдарламалардың авторы болды.1965 жылы қызмет жолын әл-Фараби атындағы КазҰУ-да кафедра ассистентінен бастап, профессорлікке дейін жетіп, кейін журналистика факультетінің деканы болған. 1991жылдың наурыз айынан қыркүйекке шейін «Ќазахстанская правда» газетінде алғашқы Бас редактордың орынбасары қызметін атқарды. 20-дан астам монографияның, журналистика мен культурологияға арналған кітаптардың авторы. Оның ішінде: «Наследник белого лебедя», «Тюркская вселенная», «Хрустальная мечта Тюрьков о квадронации», «Весь мир у вас в квартире», «Горизонты косметического телевидения», т.б. еңбектері бар.

# ДАРА ТҰЛҒА – МАРАТ БАРМАНҚҰЛОВ

Марат Барманқұлов өмірге жай ғана келіп, әншейн ғана кеткен жан емес. XX ғасырдың басындағы Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан сияқты Алаштың